

**Әдістемелік кеңес отырысы
Хаттама №2**

**Қатысқаны: 18
Қатыспағаны: 2**

Мерзімі: 06.11. 2024 ж

Күн тәртібінде:

1. «Мектепке дейінгі ұйымда салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызы» Баяндама
2. Өткізілген ашық оқу қызметінің қорытындысы
5. Ағымдағы мәселелер.

1.Тыңдалды: Балабақша әдіскері Адылбекова А.А

Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектеп жасына дейінгі кезеңде қалыптасатындығын айтып өтті. Сондықтан, бала ағзасының қызметін жетілдіру қабілетін арттыру осы кездегі ең басты міндет болып табылады деді. Бұл міндеттердің маңыздылығы мынада: ағзаның қорғаныс қабілеті нашар қалыптасқан кішкентай балалар сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне тез ұшырайды. Сондықтан сүйектің, буынның дұрыс әрі өз мерзімінде жетілуіне, бел омыртқаның физиологиялық иіндерінің қалыптасуына, табан дөңістерінің дұрыс жетілуіне, тыныс алудың тереңдігі мен ырғақтылығы тыныс алуды қозғалыспен үйлестіруге мүмкіндік жасап, үнемі ықпал ету қажет деп атап өтті. Жаңа стандарт негізінде мектеп жасына дейінгі баланы шынықтыру-сауықтыру шаралары «Физикалық дамыту» білім беру дағдысында көрсетілгенін, «Физикалық дамыту» білім беру дағдысының мақсаты: өз денсаулығына саналы көзқарасын тәрбиелеу, денсаулықтың адамға берген басты құндылығы екенін түсіндіру, қозғалыс белсенділігін дамыту және физиологиялық қасиеттерін қалыптастыру деп атай келе берілген баяндаманы егжей –тегжейлі тәрбиешілерге түсіндіріп өтті.

2. Тыңдалды: Менгеруші Кудабасева Н.К сөз алып, өтілген ашық оқу қызметінің жақсы өтілгендігін, Коммуникация дағдысы балалардың сөйлеу мәнерінің дамуына, ой-өрісінің дамуына үлкен септігін тигізетіндігін айтып өтті. Алдағы уақытта ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерге жас мамандардың мұқият қатысып, ой түртіп алуын ескерте кетті. Сонымен қатар ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерде көрнекіліктердің өте керемет екендігін, балалардың назарын тәрбиеші бірден өзіне қарату жағдайының бар екендігін айта өтті, бұл дегеніміз балалардың ұйымдастырылған іс-әрекетте қызыға қарайтындығын көп нәрсені ойына түйетіндігін айта өтті.

1Сөз сөйлегендер: Әдіскер Адылбекова А.А. ұйымдастырылған іс-әрекеттің жақсы дәрежеде өткендігін айта келе тақырып, көрнекіліктер жас ерекшелігіне сай екендігін айтты. Балалардың әр оқу қызметінде белсене қатысатындығының көрініп тұрғандығын айта кетті.

3.Тыңдалды: Ағымдағы мәселелер.

Сөйледі: Әдіскер Адылбекова А.А. алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Желтоқсан айында болатын Тәуелсіздік күні қарсаңында ата-аналармен көрме ұйымдастырылады, топтарда ата-аналар бұрыштарына құттықтау ілініп, балаларға мәлімет берілсін. Тәрбиелік іс-шаралар жоспар бойынша өткізілсін. Сонымен бірге, жаңа жыл

мерекесінің сценарийін музыка жетекшісі дайындап, топтарға тарқатып берсін. Ата-аналармен кезекті ата-аналар жиналысын өткізіп, хаттамалары уақытылы толтырылсын.

Шешім: 1.МДҰ салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында сауықтыру – шынықтыру шаралары қолға алынсын

2.Жас мамандар ашық ұйымдастырылған іс - әрекетке қатысуы тәлімгерлерге жүктелсін.

3. Ата-аналармен кезекті ата-аналар жиналысын өткізіп, хаттамалары уақытылы толтырылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:

Айып

Бонд